

1 2013

38628к



Махаббат жетегінде

Егеухан
Мұқамәдиқызы




1 2013 / 38628 к

Егеухан
Мұқамәдиқызы

Махаббат жетегінде

Өлеңдер мен дастандар



FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2010

УДК821.512.122

~~ББК 84 Қаз 7-5~~

M 83

Жинақ Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің, облыстық
Мәдениет басқармасының қолдауымен жарық көрді

M 83 Мұқамәдиқызы Е.


Махаббат жетегінде: Өлеңдер мен дастандар.

— Астана: Фолиант, 2010. 288 бет

ISBN 978-601-292-158-8

Ақын Егеухан Мұқамәдиқызының бұл жинағына өлеңжырлары мен бірнеше дастаны топтастырылды. Ана жүрегінің лұпілі мен ақындық сырлы сезім сәтті үйлескен туындылар өз оқырманын әдемі әсерге бөлейді.

Кітап жырсүйер көпшілік қауымға арналған.



УДК821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-292-158-8

© Мұқамәдиқызы Е., 2010

© «Фолиант» баспасы, 2010

I б ө л i м

Өлеңдер

БІРІНШІ ТАРАУ. АТАМЕКЕН

КӨШІП КЕЛДІМ

Көшіп келдім табынып, Тәнір ием,
Райымбек, шапағат берсін киен.
Қолдай гөр, өнерде өз тұяғының,
Сүйінбай, Абай, Сара аруағынмен.

Көшіп келдім, егемен ел сүйенер,
Елдің қамын ойлаған ер сүйенер.
Адамнан адам артық анағұрлым,
Қаны таза қазағым қадір білер.

Көшіп келдім, ағайын, көшіп келдім,
Айқара ашты құшағын іргелі елім.
Өзің шашқан тарының талшығының,
Топырағында дән алдым басқа жердің.

Көшіп келдім өзіңе, көшіп келдім,
Атажұртқа асығып, ұшып көнілім.
Жел аударған қаңбақтай тағдыр айдал,
Әлмеу үшін өзгеден нәсіп тердім.

Көшіп келдім «кел» деген үнінді естіп,
Килы-килы тағдырда өмір кештік.
Өзге жұрт та мәпелеп аялады,
Сонда да жетпей тұрды бір үндестік.

Көшіп келдім, ата-ана, бата алғалы,
Қазақстан перзенті атанғалы.
Өзім десен, сіңермін өзіндей бол,
Тұтанып тұр қызыым от алғалы.

Көшіп келді, ағалар, қарындасың,
Ұзатқанда қалып еді жарым жасың.
Тең өстік біз тел еміп ана сүтін,
Уыз дәмі тандайдан арылмасың.

Көшіп келдім, женгелер, еркен едім,
Обал қане, өзгеге еркеледім?
Әйел жолы жінішке, жаны нәзік,
Жан күйімді толғанып шерте келдім.

Көшіп келдім, ұғыншы жан сырымды,
Талантым талып, кейде тасқа ұрылды.
Қазақтың қасиетті қанын сақтап,
Коспадым өзге жұртқа тағдырымды.

Көшіп келдім, ауылдасabyсыным,
Таңырқама тап өзің, таныс үнім.
Туралған бас тартпайды, дәстүрді ойла,
Ниетінмен шай құйсан, ризамын.

Көшіп келдім, әзілде, замандастым,
Күбылған алмағайып заманда шын.
Келдім Монғол елінен, мен қазақтың,
Байқа, тілдің қадама ақ алмасын.

Көшіп келдім, айқасты құшак бүгін,
Топырағына қондырдым ұшқан гүлін.
Елдің қамын ер ойлад қабыл алды,
Бәз біреудің қайтемін ұсақтығын?!

Көшіп келдім, қалды артта орманды өзен,
Сәби, жастық, аналық – талай кезен.
Ата-анам күмбезі, кіндік қаным
Тамған жерде қимастық барын сезем.

Көшіп келдім, қалды тау, аскар шыңым,
Бір кездерде көңілдің шакқан мұнын.

Цамбагарав, Бесбоғда көз алдымда,
Балапаны ем ұшырған ұясының.

Көшіп келдім, ұрпақ пен ұрпақ таныс,
Келешек сендерсіндер, бірлікте – күш.
Өстің бәрің әр елдің әуенімен,
Біріңнен-бірің енді алши дәріс.

Көшіп келдім бала, ене, жарымменен,
Ағылады шабытты, арынды өлең,
Айналайын, атажұрт, ұлғінді алып,
Жүректегі жалынның нәрін берем.

Өзің шашқан тарының талшығымын,
Атамекен, татайын бал шырының.
Өзінің өзегінде өркен жайып,
Бой көтерсін, мәуелеп тал шыбығың.

* * *

Абир-Әлі таулары айқасып тұр,
Тарих-дастан сынасқан, шайқасып бір.
«Ер шекіспей, бекіспес» деген рас,
Достасып, жақпарына бүгіпті сыр.

Күн шықса күлімдейді, жадырайды,
Түн болса түнереді, тұтып қайғы.
Екеуін егер етіп егестірген,
Ақ толқын Ақтас сұлу нұр шырайлы.

Ақ толқын Ақтас сұлу сылқ-сылқ құліп,
Құлай ағып жөнелген ойды ұғып.
Жалғызтау жанды еріткен ғашығы еді,
Бекінбесе Абир-Әлі салар бұлік.

Жалғызтауға мұң шағып егіліпті,
Жалғызтау жан сауғалап шегініпті.
Екеуіне кезіксек жазым етер,
Айлакер Абирден де Әлі мықты.

Абир-Әлі бес қару асыныпты,
Ақтас та Жалғызтауға асығыпты.
Ерен күш екпінінен дауыл тұрып,
Ару жетпей, гүл болып шашылыпты.

Әлдекім әр нәрсені ойға түйген,
Аңызды баян етіп айтты білген.
Бір тал көде тоқтылық шұрайлы жер,
Арудың денесінің сөлі сіңген.

Бұл өлке – Арка, ерлердің аты қалған,
Аты аталса, ел ұмытпай есіне алған.
Өтіпті ертеректе Егеубай бай
Арқаның бір саласын қоныстанған.

Егеубайдың жайдық біз керегені,
Тәнірдің табиғаты – берегені.
Қоныс – бізге, ірге – елге құтты болсын,
Еңбекпенен көсеге көгереді.

«КОШ» ДЕУГЕ КИЯ АЛМАДЫМ

Ауған ел, арманды ел сағынышты,
Алыстан көшіп келсе жолы күшті.
Ат басын тіреп алғаш Абир-Әлі,
Қойныңа кос қарлығаш қонып ұшты.

Шынына шала шықтым,
Сонда да көп сыр ұқтым,
Шешілмей шерменде ел,
Кей сырды ішке бұктің.

Арқада Абир-Әлі – атақты жер,
Полигоннан түсіпті өзекке шер.
Гранит – асыл тасы құлғе айналған,
«Дегелен» жаутандайды деп мені қөр.

Кайнарға қонып көштім,
Екі-ак жыл өмір кештім.
Жүрекке жазып алдым,
Бейнесін көп елестің.

Қобыланды, Абир-Әлі атты таулы;
Өтсе де неше ғасыр сыр сақтаулы.
Талайлар тағылым алып дидарласқан,
Абай, Жанак, Әміре ұрпактары.

Сендерді алам еске,
Көп сыр бар, сөкпе көште.
Ұғынсан, «Адам басы –
Алланың добы» емес пе?!

«Қош» деуге кия алмадым,
Тоғысып қиялда мың.
Бастаған дастан бітпей,
Кетті іште бір арманым.

КӨШКЕН ЕЛДІҢ КӨҢІЛ КҮЙІ

Көштің, көңілің қозғалды ма?!

Жұмыр басты пендесің.
Откен күннен із қалды да,
Қимай тұрды жерлесің.

Сыры бірге, жаны ізгі,
Аландауды тендесің.
Аттанғанда құлазыдың,
Аяулыңа ауды есің.

Қайырылып қарай бердің,
Дәл өзіннен кетті ырық.
Көшкен елдің көңіл күйін,
Теренірек ұқтырып.

Сен де көштің, мен де көштім,
Айырмасы тен әмес.
Бірақ-бірақ көніл күйге,
Енжарлығы тен әмес.

АДАМҒА СЫРЛАС ҚАЙДА ҚҰРБЫСЫНДАЙ?

Құрдастар, армандастар, бармысындар?!
Барын да, бақытын да елге сыйлар.
Қасиетті халқымның қаймағысың,
Сексөн өнер, сегіз қыр, бір сырың бар.

Нұрсұлтан, Макаш, Мұхтар, Ахат, Адам,
Базарбек – бәрінің де бірге санаң.
Елеулі екі мың жыл құтты болсын,
Біздерге аскар алпыс жас сыйлаған.

Ел еркіндік, елдікке сиынғанда,
Көк байрак, ту астына жиылғанда.
Куанып, құрак ұшып жетіп келдім,
Атажүрттан татар дәм бұйырғанға.

Құрдастар таныр ма екен бірге өспеген,
Балалықтың базарын бір кешпеген?!
Тал атты бірге мініп тартыспаған,
Сыбай-салтаң, сыпайы сыр да терен.

Кей құрбы елемейді, ойға қалам,
Жалынды жастықты бір тойламаған.
Кыз қылықты қылышп қылтың-сылтың,
Етene жасырынбақ ойнамаған.

Кей құрбы сәлемдесер таңдал әлі,
Байқайды он-солымды таңданады.

Өз қаны емес, өзгені жуық тартса,
Тырнап өтер сыйданған жан жараны.

Кей құрбы мысқылдайды, дегендей кім?
Бұла өскен жандай-ақ емін-еркін.
Үш жүз жыл саясаттың түрмесінде,
Ұмыта ма өз жерінде өгейлігін?!

Кей құрбы «анау сырттан келіпті» дер,
Өз ұрпағы болсам да сезіктенер.
Осындайда көнілің іштесетін,
Тонның ішкі бауындей серік тілер.

Тетелес тауға тау да түрғысындей,
Адамға сырлас қайда құрбысындей?
Құрдастар, сыртың беріп сырғактама,
Айналып келгенімде жыл құсындей.

— Көріп ек қашан, қайдан мұны? — деме,
Бір келдік қырқыншы жыл дүниеге.
Әмір — өзен, кен арна толқын атқан,
Тілеу бірге, мінгенбіз бір кемеге.

Менде жоқ көз тартатын сұлу көрік,
«Қош» айтқан жастық жалын, тентек желік.
Салиқалы, саналы ой бөліссек,
Ғасырлар ғажабына жаңым жерік.

Анамын, жаңым сырлы қазыналы,
Біткем жоқ шежіремді жазып әлі.
«Құрдастың Құдайы бір» деген қазак,
Әдейі сендерге айтам базынаны.

Ер түрік текті атаниң ұрпағымыз,
Әлкенде өзек тартқан өкшемнен із.
Елдің ерке, емшектес бел баласы ек,
Бабамнан бөлінбекен бірге еншіміз.

Өзектес өзім-өзің өрге бастар,
Өздікте өзгермейтін ықылас бар.
Ғаламда ғасыр жаса, ғазиз ғұмыр,
Бірлік, бейбіт, береке, беу, құрдастар!

ҮРЖАРДЫҢ МЕКЕНДЕДІМ КӨКӨЗЕГІН

Армысың, Үржар халқы, қандастарым,
Өнердің жарқылдатып алдаспанын.
Тарихыңнан тағылым таныр үрпак,
Қарияң да ұлағат, жас та жалын.

Өмір қымбат сан қылы қырыменен,
Ұға білсөң, адамның сырды терен.
Көшуде де көп сыр бар дастандатқан,
Көңіл толқып, толғанып тебіренем.

Көкөзек таулы, орманды әсем көрік,
Тасқынды тау суына жаным жерік.
Көкөзек – жер жаннаты жазиралы,
Койнына қоныстандым көшіп келіп.

Тарбағатай бауыры құт дарыған,
Аю, арқар, тауешкі, қаптаған аң.
Кусак өзен арқырап арындейды,
Жан-жануар мерейлі, шөлі қанған.

Шынары шырқау шынмен таласады,
Мыңғырған тұліктегі қыр асады.
Ауылда қызу қимылы ырыс тасып,
Жарасқан үйымшылдық ынтымағы.

Еңбекпен ел көгерер, жан мұраты,
Сәулетті тамсандырған салтанаты.
Халқым десе, қанында от ойнайтын,
Қастерлі қазағымның жұрағаты.

Жайқалып жасыл орман ырғалады,
Көрікті, көз тартады нұрлы алабы.
Бас изеп, бәйек болып қол бұлғайды,
Құшағын ашып «кел, кір» деп ымдағаны.

Үржардың мекеңдедім Көкөзегін,
Шұрайлы жер толайым өнген өнім.
Каракат, өрік, алма, мойыл, шие,
Дәмін таттым шырынды бұлдіргенін.

Гүл атады Көкөзек атырабы,
Құлпырған жас арудай бұла шағы.
Қандас ел құрак ұшып, құшак жайса,
Иіліп ұялы орман жапырағы.

Көкөзек, 1994

ТАРБАҒАТАЙ

(толғау)

Тарбағатай, таныс болып тасынмен,
Сымбатына, сырласуға қойдым ден.
Маужыраған қойның толы сыр, дастан,
Жастайымнан жаным сырға жерік ем.

Таулы, орманды, кең көсілген далаң бар,
Тамылжиды табиғатың, ауаң – бал.
Сала сайын сансыз өзен бас алып,
Ақ толқыны жалтылдайды бүйра жал.

Жасыл орман бүркеп бүкіл ауылды,
Жеткізбейді жел көтерген дауылды.
Карағашың, қайың, терек, шынарың,
Ұйыса өскен іспетті аға-бауырлы.

Алқабында жайқалады алтын дән,
Май сорғалап күнбағысын басынан.
Өлкен толы қауын, шие, алма, алмұрт,
Карақатын, бұлдіргенің, тошалаң.

Әрік, жеміс, бал татыған шырыны,
Шөлің қанбай, болмас жанның тынымы.
Сырнайлатып сыйдырласа жапырак,
Көніл тербел балқытады күй үні.

Ақперлі асуынан әрі асып,
Малға жайлы жайлау сәні жарасып.
Сыбайласып адамға адам көз-құлак,
Қанаттасып малшы қонар жанасып.

Арқар, киік, аюы мен арланы,
Тағы андар таныс болып таудағы.
Қызыл тұлкі қызықтырса қыр асып,
Ұлар ұшып, үкілі үміт самғады.

Ұялы жар – ұяң елдің мекені,
Сені халық «ұрыжар» да деседі.
Биік-биік жарлауынды паналап,
Жасақтыдан жаны қалған кешегі.

Тарбағатай тауы ежелден суырлы,
Тарихынан тамыр тартқан туынды.
Өнірінде қазақ-қалмақ сайысып,
Тітірентіп жер апшысын куырды.

* * *

Алан-елен, інір және бесінде,
Талай тосын тартыс өткен төсінде.
Бейқам елдің берекесін ұшырып,
Маужыраған мамыражай кешінде.

Ер Бұқар ел-жер үшін шайқасқан,
Корғады елін қанды, қырғын шайқастан.
Ерлік ізі жатыр айқын жосылып,
Калды ескерткіш, жазылды аныз, жыр-дастан.

Барқытбелде сұлу, алтын шоқылар,
Атыс-шабыс куәгері – осылар.
Ер Бұқардың ерлік ісі елге үлгі,
Тұлғасынан туындалып сыр оқылар.

Ұялы жар жасырынып бағына,
Сойқан салған сокқы беріп жауына.
Тарбағатай тауын жаудан босатып,
Тықсырды әкеп Жонғар Алатауына.

Тарбағатай, Барқытбелі, Шанырак,
Жау шапқанда қалған иен қаңырап.
«Қалмак қырған», «Аңырақай» тұсында,
Ел ауған-ды «елім-айлап» анырап.

Қанқұйлы жау елді ерекше тоздырған,
Тірісі ауып, өлген өлік боз қырман.
Есін жиып, есеп жасап ерлері,
Халқын қайта қонысына қондырған.
Табиғаттың, тамсанасың, сәніне,
Қырсық-қызық алмаспаса, мәні не?!

Сәулетті ел салтанатын көтеріп,
Бөлеп әнге Әріп, Әсет, Әміре.

Тағы-тағы талай зұлмат жалғасқан,
Күніреніп куә болған айлы аспан.
Өз жеріне өзге қожа әкім бол,
Шуақты жер шұрайына жайғасқан.

Мақсат тегіс орындалған, бар ма арман?
Күткен қауіп келер алда тандардан.
Мал-мұлкінді тонап, жанды жау санап,
Жаның шетке, малың текке айдалған.

Пана болмай өз үркыңа өз далаң,
Бордай тозып бозінгендей боздаған.
Өксіп жаны, өзек талып өзеуреп,
Талшық етер талғажауы қалмаған.

Менгерген соң өзге келіп басқарып,
Жабықты ел жан біткеннен жасқанып.
Асу асып кете алмаған алысқа,
Өз жерінің жатты тасын жастанып.

Жобасыз жан жоғалса да із-тозсыз,
Қайран қазақ қалжырады іздеусіз.
Аштан өлген адамдар да, бейіт жок,
Кала берді қаудыр тонмен көмусіз.

Жер-ана да көрген көптің тепкісін,
Ел күйзелді күйіп кеткен текті үшін.
Бодан болып, бой жаза алмай үш жүз жыл
Қиналған шақ – тіл-салтыма ауыр сын.

Арман-мұдде орындалмас азапсыз,
Мың өліп, біз – мың тірілген қазақпыз.
Көк түркінің үрпағымыз айтулы,
Көк бөрі емген Көкбөрілі қазақпыз.

Қазағымның қаны ыстық оты ойнаپ,
Шықты аланға жалын жастар атойладап.
Желтоксанда жер түндігі желпілдеп,
Намыс жасын найзағайдай жарқылдалап.

Қарулы күш мұздай темір құрсады,
Одактасым ойрандап, оқ жұмсады.
Құрбан болды қаһарман-ер Қайраттар,
Елі үшін жанын қиған үрпағы.

Көгілдір ту, көгімде өрлеп әнұран,
Қазақ елін әлем елі таныған.

Шерменделер шеру шекті шеттегі,
Әйгіленген елтаңбаға табынған.

«Елім-айлап» айтып кеткен жыр-әнін,
Қырандайын ансал қиян тұрағын.
Өзегінен өз ел оты өшпеген,
Тұғыр тапты берік тұқым-тұяғын.

Көкөзек, 1999

ЕРКЕМІН, ЕГІЗ ШЫҢҒА ҰЯ САЛҒАН

Еркемін, егіз шыңға ұя салған,
Қарманғанда халықтан қуат алғам.
Цамбагарав саясы мені ұшырса,
Алатау қойнын ашты мұрат-арман.

Цамбагарав, тибетше – Ақ Тәнірі,
Күн сүйген күміс шынын гауһар нұрлы.
Монғол Алтай, Говь Алтай, Бесбоғадан,
Арқалы асқақ әсем таудың пірі.

Цамбагарав қайнары – анам сүті,
Тал бойыма дарыған таудың құты.
Дүниеге келіппін қойныңда,
Кіндік қан тамған Олоннуур, Шұңқыр жұрты.

Сүйемін, Цамбагарав, кия шынды,
Осында кең жайдым құлашымды.
Балапандай баулындым бауырында,
Ұрпақтарын ұшырған ұя сынды.

Цамбагарав саласы – акқұндағым,
Қызықты өтті балалық, жастық шағым.
Қастауышпен қауырсын қалам ұштап,
Өзекті, өлмес өнер жақтым шамын.

Ер түрік, атам қазақ асыл тектім,
Күйін шерттім Күлтегін, Тонықөктің.
Алтайдың арғы беті, Қобда қойны,
Асу асып, Алатауды ансап жеттім.

Астасып Алатау мен Цамбагарав,
Тоғысты толқынды шақ алмағайып.
Жеткіздім, жетелі ұрпақ жерінде өссін,
Алсын деп Алатауға ұя салып.

Өсті ұрпақ теңін тауып, тегін біліп,
Көркейтті көңіл көгін мейірімділік.
Алматы – ару ана аясында,
Ақ үрпек қанаттанды көгілдірік.

Еркемін, егіз шыңға ұя салған,
Қарманғанда халықтан қуат алғам.
Цамбагарав саясы меңі ұшырса,
Алатау қойнын ашты мұрат-арман.

Көкөзек, 1997

ЕЛГЕ КЕЛДІМ, ЕҢСЕМДІ КӨТЕРЕЙІН

(толғай)

Елге келдім, еңсемді көтерейін,
Куат берсін, атажұрт, бата-мейірің.
Төркін қызыға қарыздар, қыз – төркінге,
Бірігіп биіктетсек ел мерейін.
Тағдырым тайталасты, тартыста өстім,
Осылайша екіталай өмір кештім.
Тұн қатып түсі қашқан құғын-сүргін,
Жасынан құлағандай құздан көшкін.

Үркінде үркіп бірге кете бардым,
Тұңғиық, түсініксіз тұман алдым.

Жүрек екі бөлінді, жүйке тозды,
Аттанған құр сұлдері жаны бардын.

Шөл кезіп, құмды кешіп, асуды астық,
Кезігіп жекпе-жекке жанталастық.
Жауға жан беру-дағы оңай емес,
Жол бойы соғыс, қырғын, жаттан қастық.

Ұшактар төбемізден төніп келіп,
Тайлы-таяқ қалдырмай түгел көріп.
Бой тасаға келтірмей бомбалайды,
Дәрменсіз, уға, қанға бөккен өлік.

Төбеден тұскендей боп жасын-жай,
Қырғынға ұшырадық жолда ұдай.
Ес шығып, өң қашып үріккен елдің
Өлгені қалды беті жасырылмай.

Көргеніңнен көп екен көрешегің,
Тұңғесің тірлікке қалмай сенім.
Өліктерді ит сүйреп, қарға шоқып,
Жан бөлек есаландап, улап сезім.

Жету жеңіл болған жоқ жол жыраққа,
Талай-талай талықтық қалжырап та.
Айырылған ата-ана баласынан,
Өксүмен өмір өткен зар жылап та.

Атажұртым арман-мұн, елес еді,
Елім қашан елменен теңеседі?!

Ер-азамат азайды ел корғайтын,
Халқымның не болады келешегі?!

Деп әже қайғыратын, еңірейтін,
Көруге шыдамайсың қарап кейпін.
Сағыныш, мұн, запыран көкіректе,
Көріне ала кетті ішкі дертін.

Тоналып, жауда қалған мал мен мұлқі,
Азған, тозған адамның кеткен сиқы.
Жеткізген мінгестіріп, үштастырып,
Жылқы малы – ер қанаты, жанның құлпы.

Бөтеннің жерін басып, желін жұтып,
Олар да үрке қарап алған қитық.
Аштық, ауру, сары сұзек, індег жайлап,
Кей тұндік қалды ашылмай аза тұтып.

Өзгенің тілін, салтын ұғу қыын,
Аяқты аттап баспау түсті тыйым.
Ішер ас, киер киім табылмайды,
Кімнің кім ұға қойсын жайы-күйін?

Тентіреп елден-елге көше беру,
Тоз-тоз бол, белгі қалмай өшу-өлу.
Жат жұрттағы жарасын жан бактырмай,
Босқын тағы қозғалды шерлі шеру.

Атажұрттан азаппен ауған шақта,
Азғана топ келіскең ынтымаққа.
Еркіндікпен елге бір жетсек-ау деп,
Үмітпенен қараймыз болашаққа.

Өмір-өлім шендесті, көп күрестім,
Қыз болып, қызыл жібек кимей өстім.
Сауыт киіп, сайысып, сайғақтасып,
Жауынгердей жұтындық тұлға-кескін.

Қыз кезде жасамадым ерке қылық,
Бодандық, жаугершілік, жанға бұлік.
Атажұртқа әйгілі арман-мұддем,
Аpsал-күпсеп кетпедім ұзатылып.

Атажұрттан алғам жоқ жасауымды,
Ши орап, дөдегелеп отауымды.

Қалы кілем жаптырып қара нарға,
Жорға мініп тұрмандаң ұнасымды.

Естігем жоқ «жар-жар» мен «сыңсу» әнін,
Кызықты әрі қимастық үн шығарып.
Қайғылы ел қара жерді қайыстырып,
Аттандым ел айырылған тыңдал зарын.

Салтанатпен келмеді күйеу ұрын,
Жасалмай ата салты, дәстүр-ырым.
Ат жалы, атан қомы табыстырды,
Түсін сен, арпалысты дәуір сырын.

Өмір күрес, қылқөпір құлап тұрып,
Кейде құздан тастады лақтырып.
Тұлпардың тұяғы да опырылып,
Жан алып, жан берісп, күйреді рух.

Жер ауып жеткенімде қылыш жолдан,
Табысып талай жылдан қоныс болған.
Кең сая Монғол елі, Монғол жері –
Мал-жанға мамыражай ұялы орман.

Ұясында үрпак өсті, «шүкір!» деймін,
Ғылым, өнер үйретті ыстық мейірім.
Қош! Қош, Монғол Отаны,
Кешір, халқы,
Дәм татқан құдығыма түкірмеймін.

Жастай жанкештілікке төзе білгем,
Кімнің алыс-жұығын сеземін мен.
Ата құт, ана сүті дәмді ұмытпай,
Өшкен емес атажұрт өзегімнен.

Ел-жердің аз тартқам жоқ қасіретін,
Қастерлеп ататегімнің қасиетін.
«Өзгеге сұлтан болма, өз еліңе

Ұлтан бол», – деген бабам өсиетін.
Қазақ елі еркіндік алған шакта,
Бар қазақты шақырды ынтымакқа.
Шерменде, шерлі шеру бұрды ат басын,
Ел-жермен еміреніп табыспаққа.

Кыз парызын өтедім, азбай келдім,
Койыртпакқа қоспадым қанын елдін.
Сақтап дәстүр, тіл, ділім, дін, салтымды,
Әлемге әйгіледім, көзбен көрдін.

Кызың келді, төркін, аш құшағынды
Анаға аныраған күш ағынды.
Алатау – аскар шыңым, алмалы өлке,
Жайнаған, жадыраған нұр сағымды.

Қарыздарсың, ел мен жерім, тау-тасым,
Өркендетер, өсірер бар ықыласын.
Қыстығып, бұқпантайлад өксімесін,
Кызың жазсын еркіндел кең құлашын.

Ұлы жұрт ұйымдасса, ұрпак түзер,
Әр елден үлгі қаймақ нәрін сүзер.
Бересім бар еліме, аласым бар,
«Әумин!» деп, атажұртым, батанды бер.

Елге келдім, еңсемді көтерейін,
Куат берсін, атажұрт, бата-мейірің.
Төркін қызға қарыздар, қыз – төркінге,
Бірлікпен биіктетсек ел мерейін.

КУРМЕГЕНГЕ ЖЕТСЕ ТҮТАМ ҚЫСКА ЖІП...

Жалтақ көніл жаңа келген тұста анық,
Танысуға талап, бағыт ұстанып.

Армандадым, көргім келіп көп жерді,
Күрмегенге жетсе тұтам қысқа жіп.

Өскеменнің араласам қаласын,
Қай жерде кім, қалай ұғына аласын?
Танысың жок, білісің жок, беймәлім,
Кімге сеніп, кімді іздел барасын?!

Жат көре ме өз қойнында өспеген,
Жастайымнан құмын, тасын кешпеген.
Көрмеген жер, ой-шұңқыры көп екен,
Бәрі жұмбак, сыр түйінін шешпеген.

Жақын-жық болайын деп туыстай,
Бір ғанибет, аралассаң сұыспай.
Көп адаммен сыр бөлісіп көріп ем,
Арландым-ау ана тілмен ұғыспай.

Әр жайды айттым ұқтыруға ежіктеп,
Ана тілде сөйлесуге төзіп бек.
Бодандықта бой алдырған жалғанға,
«Қырық» десем, қиястанды «сорок» деп.

Мұндалады мұнарланған мұн нәзік,
Тарлан көніл таппағандай жанға азық.
Шынымды айтсам, шымбайыма шын батты,
Шым-шытырық ойым онға құлазып.

Бойды тіктеп, ойды жіктеп, тежелген,
Қайтпайтұғын қайсаrlығым кезеңнен.
Орта жолда опынуға болмайды,
Талап, төзім жеткізерін сезем мен.

— Өмірге куә зенгір аспан көкпенбек,
Тарихымда талай зұлмат өткен, — деп.
— Құлыным, ең құйын қуып адасқан,
Ата-бабаң ауылы, — деді Талғатбек.

– Өз елің бұл, өлшемейік өзгемен,
Көмектесем мақсатыңа көздеген.
Ұлтың ұлы, рухың бір ұғысар, –
Деген жылы аттандырды сөзбенен.

ӨТЕ МЕ АНА КӨЗ ЖАСЫН ТӨГІЛДІРІП?!

Ақку үшты, қалды артта көгілдірік,
Бөлінген ел қабырға сөгілдіріп.
Ойла, ағайын, елге ел қосыла ма?
Өте ме ана көз жасын төгілдіріп?!

Қазағым көшіп өскен, өрісі кен,
Күәгер Құс жолының желісімен.
Қайтқан қаздай жеткенде атажұртқа,
Ажырады біреулер телісінен.

Ажырады біреулер туысынан,
Ажырады тоқпейіл тынысынан.
Бар мәзірін бөліскең мәз-мейрам ел
Ажырады береке-ырысынан.

Біреуден қимас жегжат, құда қалған,
Кешікпей келер-ау деп кете барған.
Торқалы той, топыракты өлімді ойла,
Өлгеніне топырак сала алмаған.

Ақку үшты, қалды артта көгілдірік,
Бөлінген ел қабырға сөгілдіріп.
Қосыла ма елге ел, қосылмай ма?
Өте ме ана көз жасын төгілдіріп?!